

Райхан Мәженқызы



# Керіктің құпиясы

Ертегілер





**Райхан Мәженқызы**

***Керіктің  
құпиясы***

*Педагогика*  
**ПРЕСС**

Астана  
2009

# М а з м ұ н ы



*Керіктің құпиясы.....5*



*Қыран бүркіт, Кәрі бұғы  
және Балық.....42*



*Бағбан мен бақша .....74*



*Аққайыңның шырыны неге  
тәтті?.....92*

*Жатып өскен терек.....102*



*Бірлік пен Мұңлық.....110*



*Білгір және оның достарының  
"Кітап" қалашығына саяхаты  
(киял – ғажайып ертегілер).....140*



*Ара адамды неге шағады?.....152*



*Мақтаншақ алма.....160*



УДК 821. 512. 122-93  
ББК 84 (5Каз) + 82.3  
М 35

*Қазақстан Республикасы*  
*Мәдениет және ақпарат министрлігі*  
*Ақпарат және мұрағат комитеті*  
*"Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару" бағдарламасы*

**Рецензенттер:**

**Талаптан Ахметжан**, жазушы, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты,  
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

**Роза Мұқанова**, жазушы, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты,  
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

**Мәженқызы Райхан. Керіктің құпиясы:** Балаларға арналған ертегілер.  
– Астана: «Педагогика Пресс ИД»; 2009. – 168 бет, суретті. Қазақ тілінде.  
ISBN 978-601-7208-10-3

Жинаққа «Бірлік пен Мұңлық», «Қыран бүркіт, Кәрі бұғы және Балық», «Бағбан мен бақша», «Аққайыңның шырыны неге тәтті?», «Ара адамды неге шағады?», «Жатып өскен терек», «Керіктің құпиясы», «Білгір және оның достарының «Кітап» қалашығына саяхаты», «Мақтаншақ алма» ертегілері топтастырылып беріліп отыр.

Көркем суретті қиял-ғажайып ертегілер жинағы балаларды кішкентайынан халықтың ауыз әдебиетімен сусындатып қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі заман ертегілерінің озық үлгілерімен таныстырады. Балаларды мейірімділік пен қайырымдылыққа, адалдық пен әділдікке, еңбекқорлыққа баулып, олардың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамытатын бұл кітап келер ұрпаққа-XXII ғасыр бүлдіршіндеріне де арналады.

М  $\frac{4702250201}{00(05)-09}$  - 09-2009


УДК 821. 512. 122-93  
ББК 84 (5Каз-рус) + 82.3

ISBN 978-601-7208-10-3

© Мәженқызы Райхан, 2009.  
© "Педагогика-Пресс ИД", 2009.

*Керіктің  
құпиясы*





**О**рманның іші у-шу. Жан-жануарлар бір-бірінен сүйінші сұрап, дүниеге Керіктің келгенін хабарлап жатты. Керік дүниеге келген таңғажайып орманда Керіктің астына арнайы алуан түрлі хош иісті гүлден кілем төселгендей. Тал-шыбықтар бой түзеп, одан әрі де теректер тербетіледі. Бәрі де табиғаттың тәртібімен орналасқан.






7



Жарык дүниеге жаңа келген Керік үшін  
айналасындағының бәрі таңсық, бәрі қызық.

Керіктің көзі бетін жапырақ жапқан суға түсті.  
Еңкейіп еді, ішіне тас толып қалыпты. Кішкентай



қос мүйізімен бұлақтың тасын тазалап, көзін ашты.  
"Рахмет!" деген бұлақ сылдыры естілді. Керік үнсіз  
басын изеді.



Кішкентай Керік алға қарай жүріп кетті. Ол жапырақтарды жапырақтап қиып алып жатқан құмырсқаларға кездеседі.

Олар қиып алған жапырақтарын илеулеріне тасып жатыр! Неткен еңбекқор еді. Сөйткенше болған жоқ, құмырсқаның біреуі тістеген жапырақшасын түсіріп алды. Керік тағы да еңкейіп, құмырсқаға жапырақты көтеруге көмектесті.

– Неткен қайырымды жан едіңіз. Рахмет! – деді құмырсқа.






Ерекше күйге бөленген Керіктің бойы өсе бастады.

Керік енді жуан ағашты екеулеп кеміріп жатқан құндыздарға кездесті.







Көзді ашып-жұмғанша олар ағашты кесіп те  
үлгерді. Екеулеп сүйреп әкелген ағаштан үй сала  
бастады. Керік оларға үй салуға көмектеседі.  
Бұтақтан үйге еден салды.





Құндыздың еңбекқорлығына Керік риза болды.  
Ризашылығын білдірігісі-ақ келді. Бірақ...

Құндыздар Керікке алғыстарын жаудырып,  
рахмет айтты.




Алғыс алған Керіктің бойы ғана емес, енді мойны ұзара бастады.

Керік ілгері жүріп кетті. Алдынан қашып келе жатқан қоянның көжегі шығады.

– Құтқарыңызшы, құтқарыңызшы...










Қуып келе жатқан түлкіден қорыққан көжек дір-дір етеді. Керік еңкейіп, көжекті арқасына отырғызып алды. Бұны байқап қалған қу түлкі қаша жөнеледі.

– Рахмет! Менің анамдай көрікті екенсіз! Киген киіміңіз де ешкімге ұқсамайды. Ана ақылын тыңдамай ұядан шығып кетіп едім.



Осылайша Керік кездескеннің бәріне көмектесіп, уақыттың қалай өткенін байқамайтын болды.

Алаңсыз алға жылжыды. Алдынан айқай естілді. Бұл неғылған шу болды екен? Сөйтсе жалқау түлкі борсықтың қазған інін тартып алыпты. Керік көрікті, ұзын мойнын созып еді, аузына індегі түлкінің құйрығы ілікті. Шыңғыртып тұрып жалқау түлкіні іннен сүйреп шықты.

A colorful illustration of a giraffe with a reddish-brown coat and dark brown spots. The giraffe is standing in a savanna landscape with green grass, several trees with green leaves and reddish-brown trunks, and some grey rocks. The giraffe's head is not visible, as it is looking towards the left side of the page.

Әр рахметті естіген сайын Керіктің мойнын ұзарып, бойы биіктеп еді. Енді осының пайдасы тиді. Түлкі болса, Керікке шұқшия қарады да, қаша жөнелді. Борсық Керікке рахметін айтып, іннің ішіне төсеген шөпті ауыстыру үшін ініне асыға кіріп бара жатты. Ал Керік болса, ең таза жануар-борсықтың тазалығына таңырқап, тұрып қалды.

